

Тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізуін тексеру
Хаттама № 1

11.09.2025ж

«ІТ мектеп-лицей» КММ тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссиясы мектеп асханасының жұмысына тексеру жүргізді. Тамақтанудың сапасы басшылыққа алынды.

Тексеру жүргізгендер:

Комиссия төрайымы, мектеп директоры- А.С.Батырова
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- С.Ш.Ергалиева
Әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі- С.Қ.Оралбаева
Н.Л.Илмуханбетов - ата-ана, мектепшілік қамқоршылық кеңесінің төрағасы
Ата-ана, комиссия мүшесі- Ж.Өтелгенқызы
Ата-ана, комиссия мүшесі- К.К.Жумашова
Мектеп мейірбикесі, комиссия мүшесі- С.Е.Ақтай

Күн тәртібінде тексеруге басшылыққа алынған критерийлер:

Асханаға келіп түскен тағам өнімдерінің сапасын, олардың сақтау мерзімдері мен жағдайлары, балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру, қабылданатын өнімдердің сапасы, оларды сақтау шарттары, өткізу мерзімдерінің сақталуы, дайындау технологиясы, дайын тағамның сапасы, ас блогының санитарлық жағдайы.

Мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру және қорытындысы бойынша:

Тыңдалды: мектеп директоры А.С.Батырова мектеп асханасының санитарлық жағдайы, ыдыстардың тазалығы, азық-түлік сақтайтын қоймалар, тағам әзірлейтін, ыдыс жуатын бөлмелер, азық-түліктердің сақталуы мен тұтынуы талапқа сай. Шикізаттың жеткілікті қолданылуы, дайын астың оқушыларға таратуға болатындығы мен сапасы туралы бракераж журналдары толтырылған. Бекітілген ас мәзірі бойынша дайын ас көлемінің шығымы өз деңгейінде. Тәуліктік ас сынамасы алу мен сақталуы қамтамасыз етілген. Мектеп асханасына кіреберсте дұрыс тамақтанудың негізгі қағидалары бұрышы ілінген. Ата-аналар мен басқа бақылаушыларға арналған «Шағым кітапшасы» бар. Тексеру барысында кейбір ыдыстардың ұштары сынғаны анықталды. Оларды дер кезінде ауыстыру керектігі ескертілді. Комиссия асхананың жұмысын жан-жақты тексеріп, төмендегідей шешімге келді.

Ұсыныс:

1. Оқушылардың күнделікті тамаққа дер кезінде келуін сынып жетекшілер мен әлеуметтік педагог тарапынан қадағалансын.
2. Асхана жұмысы комиссия мүшелері тарапынан үнемі қадағалансын.

Шешім:

1. Тамақ өнімдерінің сапасы, тағамдардың дайындалу технологиясы талапқа сай.
2. Асханадағы тазалық ережелері сақталған.
3. Азық-түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімі талапқа сай
4. Аталған кемшіліктер дер кезінде жойылсын.

Комиссия төрайымы, мектеп директоры- А.С.Батырова
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- С.Ш.Ергалиева
Әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі- С.Қ.Оралбаева
Н.Л.Илмуханбетов - ата-ана, мектепшілік қамқоршылық кеңесінің төрағасы
Ата-ана, комиссия мүшесі- Ж.Өтелгенқызы
Ата-ана, комиссия мүшесі- К.К.Жумашова
Мектеп мейірбикесі, комиссия мүшесі- С.Е.Ақтай